



KAZ MINERALS PLC
6TH FLOOR
CARDINAL PLACE
100 VICTORIA STREET
LONDON SW1E 5JL
Tel: +44 (0) 20 7901 7800

2021 жылғы 25 ақпан

KAZ MINERALS ТОБЫ 2020 ЖЫЛДАҒЫ ІС-ҚЫЗМЕТІНІҢ АУДИТСІЗ НӘТИЖЕЛЕРІН ЖАРИЯЛАДЫ

ҚИЫН ЖАҒДАЙЛАРДАҒЫ ЖЫЛДЫҚ ІС-ҚЫЗМЕТТІҢ ЖОҒАРЫ НӘТИЖЕЛЕРІ

KAZ Minerals Тобы 2020 жылдың өндірістік қызметінің қорытындылары мен қаржылық нәтижелерін жариялады.

Топтың сатудан түскен кірістері 2020 жылы 4%-ға артып, \$2,355 млрд дейін (2019: \$2,266 млрд) жетті. Мыс бағасының өсуі өндіріс пен сату көлемінің төмендеуін өтеді. Жыл соңында Қазақстан-Қытай шекарасында тиеп-жөнелтудің кешіктірілуіне байланысты өндірілгеннен аз (2020 жылы 306 мың тонна, 2019 жылы 311 мың тонна), яғни, 300 мың тонна мыс (2019: 317 мың тонна) сатылды. Алтын сату көлемі - 205 мың унция (2019: 225 мың унция). Қорлардың арқасында өндірілген 196 мың унциядан (2019: 201 мың унция) қарағанда көп алтын сатылды. EBITDA көрсеткіші 2019 жылғы \$1,355 млрд 2020 жылдағы \$1,431 млрд дейін өсті. Операциялық кіріс 9%-ға артып, \$1,005 млрд жетті (2019: \$923 млн).

Өндірістік нәтижелер

2020 жылы KAZ Minerals жыл басында белгіленген жоспарлы аралықтан 2%-ға артық, яғни, 306 мың тонна мыс (2019: 311 мың тонна) және 196 мың унция алтын (2019: 201 мың унция) өндірді. COVID-19-ға байланысты қиындықтарға қарамастан барлық кәсіпорындар жылды жоғары көрсеткіштермен аяқтады.

Шығыс Қазақстан облысындағы Ақтоғайда 131 мың тонна мыс (2019: 146 мың тонна), Павлодар облысындағы Бозшакөлде 122 мың тонна (2019: 110,2 мың тонна) өндірілді. Шығыстүстіметтің кәсіпорындары (ШҚО) және Қырғызстандағы Бозымшақ кеніші 53 мың тонна мыс өндірді (2019: 55 мың тонна).

COVID-19-ға қатысты шаралар

2020 жылы KAZ Minerals қызметкерлер мен өндірісті қорғаудың кешенді шараларын қабылдады: пандемияның алғашқы кезеңдерінде барлық кәсіпорындарда инфекциялық бақылау, қызметкерлерді тестілеу және оқшаулау, вахталарды қайта ұйымдастырылды, аса маңызды қосалқы бөлшектер мен шығыс материалдарының қоры ұлғайтылды. Кәсіпорындардың вахталық қалашықтарында тұратын жұмысшылар мен мердігерлердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін 2020 жылғы 22 наурыздан бастап мамыр айының соңына дейін Бозшакөл мен Ақтоғай кеніштеріне кіріп-шығу жабылды. Қазақстанда шектеулердің біршамасы алынғанда қызметкерлердің ауысу санын қысқарту үшін қайта қаралған вахта кестелері қолданыла басталды, тестілеу және оқшаулау жүйесі енгізілді. Шілдеде Ақтоғайда қызметкерлерді ПТР-тестілеу зертханасы орнатылды.

Топтың іс-әрекеттерінің және қызметкерлер мен мердігерлердің бірлескен күш-жігерінің арқасында COVID-19 өндірістегі айтарлықтай үзілістерге әкелген жоқ. Бүгінгі күні Топ өзінің орнықтылығын дәлелдегеніне қарамастан, кәсіпорындардың жұмысындағы іркіліс қауіпі әлі де сақталып отыр. Соңғы айларда Топ кәсіпорындарға жеткізуде де, концентратты Қытайға жөнелтуде де кідірістерге тап болды. Бұл сатылмаған дайын өнімнің аздаған қорларының жинақталуына әкелді.

Вирустың таралуына қарсы қосымша шығындардың жалпы сомасы шамамен \$40 млн құрады.

Қаржылық нәтижелер

2020 жылы COVID-19 пандемиясы шикізат құнына айтарлықтай әсер етті: бірінші жартыжылдықтағы әлсіз сұраныс пен экономикалық күйзелістер екінші жартыжылдықтағы негізгі нарықтардағы сенімді қалпына келу жеткізілімдегі үзілістермен қатар жүрді. Лондон металдар биржасында мыстың орташа бағасы бірінші жартыжылдықта бір тоннасына \$5 516 болса, жылдың екінші жартысында бір тонна \$6 853 тұрды. Жылдық орташа баға бір тонна үшін \$6 198 деңгейінде қалыптасты (2019 жыл: \$6 000). KAZ Minerals мысты өндіру және сатуды негізінен екінші жартыжылдыққа жатқызды және бағаның өсуі жылдық сату көлемінің 5%-ға төмендеуін өтеді. Бұл Топтың сатудан түскен кірісінің 4%-ға артуына, яғни, \$2,355 млрд жетуіне (2019: \$2,266

млрд) ықпал етті.

Алтынның бағасы сатудан түскен кіріс өсуінің негізгі факторы болды: бір унциясының орташа бағасы \$1 770 (2019: бір унциясы \$1 393). Бұл сату көлемінің төмендеуін өтеуден асып түсті және алтынды сатудан түскен кірістің 16%-ға артып, \$370 млн дейін (2019: \$318 млн) ұлғаюына әкелді.

Топ салалық шығындар қисығындағы өзінің бәсекелестік позициясын сақтап қалды және EBITDA көрсеткішін \$1,431 млрд (2019: \$1,355 млрд) көлемінде орнықтырды, бұл EBITDA маржасы 61% (2019: 60%) деген сөз.

Операциялық кіріс 9% артып, \$1,005 млрд жетті (2019: \$923 млн), операциялық маржа 43% құрады (2019: 41%).

Еркін ақша ағыны 68%-ға артып, \$691 млн-ға дейін жетті (2019: \$411 млн), ал операциялық қызметтен түскен ақша ағыны 58%-ға ұлғайып, \$807 млн құрады (2019: \$512 млн).

Топтың жалпы ақшалай өзіндік құны – бір фунт үшін 143 АҚШ центрі. Бұл өткен жылға сәйкес келеді (2019: бір фунт үшін 140 АҚШ центрі). Ілеспе өнімдерді сатудан түскен жоғары кірістер бір фунт үшін 64 АҚШ центрі (2019: бір фунт үшін 77 АҚШ центрі) көлеміндегі таза ақшалай өзіндік құнды сақтап қалды - әлемдегі ең төмен көрсеткіштердің бірі.

KAZ Minerals Тобының таза берешегі екінші жартыжылдықтағы операциялық қызметтен түскен жоғары ақша ағымының және жыл бойындағы күрделі шығындардың күтілгеннен төмен, яғни, \$584 млн (2019: \$860 млн) болуының арқасында \$2,601 млрд (2019: \$2,759 млрд) дейін азайды. 2020 жылы іске асыру жоспарланған кейбір жобалар COVID-19-ға байланысты 2021 жылға қалдырылды.

2020 жылы Топ жалпы сомасы \$366 млн берешек төледі және жаңа несие желісі аясында \$950 млн тартты. Сөйтіп, 2020 жылғы 31 желтоқсандағы мәлімет бойынша жалпы берешек \$3,900 млрд (2019 жылғы 31 желтоқсан: \$3,300 млрд) құрады. Жалпы өтімді қаражат көлемі 2020 жылғы 31 желтоқсандағы мәліметке сәйкес \$1,299 млрд дейін жетті (2019 жылғы 31 желтоқсан: \$541 млн).

2021 жылдың жоспарлы көрсеткіштері

Топтың 2021 жылға арналған жоспарлары кендегі мыстың болжамды көрсеткіштеріне және Ақтоғай мен Бозшакөл байыту фабрикаларының жобалық қуаттарында жұмыс істейтіндігіне негізделген.

2021 жылы KAZ Minerals 275-295 мың тонна аралығында мыс өндіруді жоспарлап отыр, оның ішінде: Бозшакөл – 110-120 мың тонна, Ақтоғай – 115-125 мың тонна (Ақтоғайды кеңейту жобасының аз мөлшерін қоса алғанда), Шығыс өңір кәсіпорындары және Бозымшақ – шамамен 50 мың тонна.

Ақтоғайды кеңейту жобасындағы өндіріс 2021 жылдың соңына қарай басталады деп күтілуде. Жыл бойында компания жұмыс барысы туралы жаңартылған ақпаратты ұсынады.

Бозшакөлдегі алтын өндіру 2021 жылы 120-130 мың унция аралығында болжанып отыр. Шығыс өңірде және Бозымшақта 40-50 мың унция өндіру жоспарланып отыр. Себебі - алтынның құрамы тау-кен жұмыстарының жоспарына сәйкес төмендейді. Бүкіл Топтың жылдық болжамды алтын өндірісі - 160-180 мың унция.

Сондай-ақ, 2021 жылы кендегі күміс пен мырыш мөлшерінің төмендеуі күтілуде, күміс өндірісінің жоспарлы көрсеткіші шамамен 2,8 млн унция деңгейінде, концентраттағы мырыш - шамамен 40 мың тонна деңгейінде белгіленді.

Өркендеу жобалары

Баимская. Қазіргі уақытта Топ Баимская жобасының банктік техникалық-экономикалық негіздемесін әзірлеуде, оның аяқталуы қажетті инфрақұрылымдағы өзгерістерге байланысты 2020 жылдан 2021 жылдың бірінші жартысына қалдырылды. Банктік техникалық-экономикалық негіздемені (ТЭН) аяқтау бұрынғыдай инфрақұрылым жоспарларының аяқталуына байланысты.

2020 жылы Топ жоба бойынша бірқатар жаңа ақпарат ұсынды. Банктік ТЭН-ді дайындаудың кешігуіне байланысты және акционерлерге жоба туралы өзекті ақпарат беру мақсатында 2020 жылдың қараша айында Баимская жобасы бойынша негізгі көрсеткіштердің егжей-тегжейлі жаңартылуы жарияланды, оның ішінде 320 мың тонна мөлшеріндегі жылдық мыс өндірісінің болжамы, 540 мың унция мөлшеріндегі алтын және өндірісті ұлғайтудан кейінгі алғашқы бес жыл ішінде бір фунт үшін 45 АҚШ центрі көлеміндегі орташа таза ақшалай өзіндік құн (2020 жылдың нақты есептеуінде) бар. Күрделі шығындардың жоспарды бюджеті ұлғайды және бүгінгі күні номиналды түрде \$8 млрд жақын бағаланып отыр. Ол Ресей Федерациясының үкіметі бекіткен Чукот өңірін дамытудың көпжақты кешенді жоспары аясында жол және порт инфрақұрылымын салуға арналған KAZ Minerals-тың қосымша шығындарын қамтиды. Жоба инфрақұрылымының құрылысын қамтамасыз ету үшін одан арғы келісімдер қажет болады, олар айтарлықтай take or pay келісімшарттарын қамтиды деп күтілуде.

Директорлар кеңесі бастапқы жұмыстарды жүргізуге және банктік ТЭН әзірлеуге 2020 жылы \$190 млн мөлшеріндегі күрделі шығындарды мақұлдады. Вахталық қалашық 350 адамға дейін кеңейтілді, аэродромда жер қазу жұмыстары басталды және ұшу-қону жолағы 2022 жылдың бірінші жартысында пайдалануға беріледі деп күтілуде. Уақытша жанармай қоймалары орнатылды, 110 кВ электр желісіне қосылу аяқталды. Алайда 2020 жылы жалпы күрделі шығындар жоспарланғаннан төмен болды – шамамен \$159 млн. Бұл негізінен 2021 жылға қалдырылған төлемдер мерзіміне байланысты.

2020 жылы кейінге қалдырылған шығындарды қоса алғанда, егжей-тегжейлі жобалауды, бастапқы жұмыстарды жалғастыруға және банктік ТЭН-ді аяқтауға арналған жоспарлы күрделі шығындар 2021 жылдың

бірінші жартысына шамамен \$175 млн деңгейінде бекітілді. Қосымша шығындар банктік ТЭН аяқталғаннан кейін бекітілуі мүмкін.

Ақтоғайды кеңейту. Ақтоғайды кеңейту жобасындағы (Ақтоғай II) құрылыс жұмыстарының барысына 2020 жылдың бірінші жартысында қызметкерлердің келуіне деген шектеулер әсер етті. Дегенмен, жылдың екінші жартысында жұмыстар жоспарға сәйкес ілгеріледі. Себебі - COVID-19-ға байланысты шектеулер әлсіреді, ал тестілеу және оқшаулау шаралары вахта ауыстыруды қауіпсіз жүргізуге мүмкіндік берді.

Байыту фабрикасына қарасты үгіткіштің, конвейердің, кенді рекультивациялау қондырғысының, диірмендердің және флотация бөлімдерінің құрылысы аяқталды, бүгінгі күні жабдықтарды орнатуға, электр және құбыр қосылыстарына және оларды сынауға басты назар аударылған. Жаңа байыту фабрикасына кернеу берілді. Қоюлағыштардың қалдық қоймаларында және сорғы станциясында, тас үгіткіште, ЖҚБП (жоғары қысымды білікшелі пресс) және концентратты тиеу цехінде құрылыс жұмыстары жалғасуда. Вахталық қалашықтың жаңа ғимараттары 75% аяқталды. Ақтоғай II-дегі өндіріс, бұрын болжанғандай, 2021 жылдың соңына қарай басталады.

Кеңейту жобасының күрделі шығындары 2020 жылы болжамды \$300 млн емес, \$244 млн құрады. Төлем мерзіміне байланысты шамамен \$50 млн шығын 2021 жылдың бірінші тоқсанына қалдырылды. Жобаның \$1,2 млрд бюджеті өзгеріссіз қалды және 2021 жылғы шығындар шамамен \$250 млн, ал 2022 жылы қалған \$50 млн құрайды деп күтілуде.

Көксай. Көксай жобасының ТЭН-сі 2020 жылы жалғасты. Ол аяқталғаннан кейін жобаны іске асыруға қалай және қашан кірісу туралы шешім қабылдағанға дейін Директорлар кеңесі нәтижелерді қарастырады. Зерттеу және бұрғылау жұмыстарының шығындары 2020 жылы \$4 млн құрады, 2021 жылға тағы \$10 млн бекітілді.

2021 жылдың жоспарлы қаржылық көрсеткіштері

Ақтоғайдағы өндірістің жалпы ақшалай өзіндік құны 2021 жылы бір фунт үшін 120-140 АҚШ центін құрайды деп күтілуде, өйткені мыс өндірісін 2020 жылғы 131 мың тоннадан 115-125 мың тоннаға дейін қысқарту жоспарланып отыр. Бозшакөлде жалпы ақшалай өзіндік құн бір фунт үшін 130-150 АҚШ центі, Шығыс өңірде және Бозымшақта бір фунт үшін 260-280 АҚШ центі деңгейінде белгіленген.

Ақтоғай мен Бозшакөлде өндірісті қолдауға жұмсалатын күрделі шығындар тиісінше \$80 млн және \$70 млн мөлшерінде күтілуде, Шығыс өңірде және Бозымшақта 2021 жылы осы мақсаттарға \$50 млн көзделген.

Өндірісті кеңейтуге жұмсалатын күрделі шығындар: Баимская жобасына \$175 млн, Ақтоғайды кеңейту жобасына \$250 млн, Шығыс өңір мен Бозымшаққа \$70 млн және Көксайды қоса алғанда, басқа баптарға \$10 млн. Барлығы 2021 жылға \$505 млн болжанып отыр. Баимская жобасына арналған қосымша күрделі шығындар банктік ТЭН аяқталғаннан кейін бекітілуі мүмкін.

Дивидендтер

Листинг кезінде белгіленген Топтың дивидендік саясатына сай Директорлар кеңесі дивидендтерді ұсынбас бұрын бизнестің ақшалай қаражаты мен қаржылық қажеттіліктерін қалыптастыруды қарастыруы керек. Бұл икемділікті сақтауға мүмкіндік береді. Шикізат бизнесінің циклдік сипатын және Топтың өсімге деген ұмтылысын ескерсек, бұл орынды.

Шарттарға сәйкес, Nova Resources ұсыныстың мерзімі ішінде жарияланған, төленетін өтемақыны төленген немесе төленетін кез-келген дивиденд сомасына дейін азайту құқығына ие. Сондықтан Директорлар кеңесі 2020 жылға арналған түпкілікті дивидендтерді ұсынбайды. Директорлар кеңесі ұсыныс аясында Топтың жағдайын, сондай-ақ, болашақ дивидендік төлемдерді айқындау кезінде оның қаржылық мүмкіндіктерін, ақша ағындарын және өсу қажеттіліктерін бағалайды. 2019 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жыл үшін \$38 млн соңғы дивиденд 2020 жылдың 22 мамырында төленді. Сонымен қатар, 2020 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жыл үшін \$19 млн аралық дивидендтер акционерлерге 2020 жылғы 23 қазанда төленді.

2020 жылғы 31 желтоқсандағы мәліметке сәйкес KAZ Minerals PLC-дің бөлінетін қорлары \$1,408 млрд тең болды.

KAZ Minerals Тобының басқарма төрағасы Эндрю Саузам былай деп мәлімдеді: «2020 жылы KAZ Minerals Тобы COVID-19-ға байланысты қиындықтарға қарамастан тұрақтылық танытты. Біз өндірістің жоғары деңгейін қамтамасыз еттік, ол екінші жартыжылдықта металдар құнының өсуімен бірге Топқа маржасы 61% \$1,4 млрд EBITDA берді. KAZ Minerals бір фунт үшін 64 цент АҚШ центі мөлшеріндегі жоғары бәсекелі таза ақшалай өзіндік құнымен бірінші квартал мыс өндірушісі болып қалып отыр. Ақтоғайды кеңейту жобасы 2021 жылдың соңына қарай іске қосылу жолында қалып отырғанына қуаныштымын».

Қосымша ақпарат алу үшін келесі телефондар бойынша хабарласуға болады:

KAZ Minerals PLC

Анна Маллер	Қаржылық талдаушы, Инвесторлармен байланыс департаменті, Лондон	Tel: +44 20 7901 7814
Мақсұт Жапабаев	Корпоративтік байланыстар департаментінің басшысы, Алматы	Tel: +7 727 244 03 53
Алмас Садықов	Корпоративтік байланыстар департаментінің менеджері, Алматы	Tel: +7 727 244 03 53

РЕДАКТОРЛАРҒА АРНАЛҒАН АҚПАРАТ

KAZ Minerals – Қазақстанда, Қырғызстанда және Ресейде заманауи, ірі ауқымды, азшығынды карьерлік типтегі тау-кен өндірісін дамытуға бағытталған, өсу әлеуеті зор мыс өндіруші компания. Компания операциялық іс-қызметін ШҚО орналасқан Ақтоғай және Павлодар облысындағы Бозшакөл ашық кеніштерде, сонымен қатар Шығыс Қазақстанда орналасқан үш кеніш пен кен байыту фабрикаларында және Қырғызстандағы Бозымшақ мыс-алтын кенішінде жүргізеді. 2020 жылы мыстың жалпы өндіріс көлемі 306 мың тоннаны құрады, ілеспе өнім ретінде 50 мың тонна концентраттағы мырыш, 196 мың унция алтын мен 3,374 млн. унция күміс өндірілді. 2019 жылдың қаңтар айында Топ Ресей Федерациясы (РФ) Чукот автономиялы округіндегі Баимская мыс жобасын сатып алды. Баимская – ашық типтегі кеніш негізінде мыс өндіретін төмен шығынды әрі ауқымды тау-кен кешенін құру әлеуеті бар әлемдегі игерілмеген ірі мыс алаңдарының бірі.

Топтың жаңа өндірістік кәсіпорындары – Ақтоғай мен Бозшакөл – саладағы ең қарқынды даму көрсеткіштерін қамтамасыз етіп, KAZ Minerals-ты қорының басым бөлігі әлемдік деңгейдегі ашық түрдегі кеніштерден тұратын компанияға айналдырды.

Ақтоғай – карьер типтес ірі ауқымды кеніш. Ол Бозшакөлге ұқсас. Кенішті пайдаланудың қалған мерзімі (өндірісті кеңейтуді қоса есептегенде) - 25 жылға жуық. Кендегі мыс мөлшері 0,27% (оксидті кен) және 0,33% (сульфидті кен). Ақтоғайда оксидті кеннен катодты мысты өндіру 2015 жылдың желтоқсан айында, ал сульфидті кеннен мыс концентратын өндіру 2017 жылдың ақпан айында басталды. Сульфидті кенді қайта өңдейтін бірінші кен байыту фабрикасының жылдық қуаты - 25 млн тонна. Сульфидті кенді өңдеу көлемі екінші кен байыту фабрикасы 2021 жылдың соңына дейін өндірісті бастағанда 50 млн тоннаға дейін жетеді. Ақтоғай кен орынының операциялық шығындары халықаралық мыс өндіруші кәсіпорындарының арасында бәсекеге қабілетті болып табылады. Жылдық өндіріс көлемі – 2021 жылға дейін орта есеппен сульфидті кеннен өндірілетін 100 мың тонна мысты құрайды. Екінші кен байыту фабрикасы өндірісті бастағаннан кейін 2022-2027 жылдар аралығында сульфидті кеннен жыл сайын шамамен 170 мың тонна мыс өндірілетін болады. Оксидті кеннен 2024 жылға дейін жыл сайын шамамен 20 мың тонна мыс өндіріледі.

Операциялық шығындары бойынша Бозшакөл халықаралық мыс өндіруші кәсіпорындар арасында бірінші квартильге кіреді. Оның кен өңдеу қуаты жылына 30 млн тонна кенді құрайды. Кенішті пайдаланудың қалған мерзімі – 40 жылға жуық. Кендегі мыс құрамы 0,35%. Карьер мен кен байыту фабрикалары өндірісті 2016 жылы бастады. Өндіріс көлемі – алғашқы 10 жылда жыл сайын 100 мың тонна мысты және 120 мың унция концентраттағы алтынды құрайды.

Ресейдегі Баимская лицензиялы алаңының аумағында орналасқан Песчанка кен орынының ресурстары JORC кодексіне сәйкес бағаланып, 9,9 млн тонна мыс, кендегі мыстың мөлшері 0,39% және кендегі алтынның мөлшері 0,21 г/т болатын 16,6 млн унция алтынды құрайды. Жоба РФ-ның үкіметі экономикалық даму үшін стратегиялық маңызды деп анықтаған өңірде орналасқан. Мемлекет көліктік және энергетикалық инфрақұрылымды дамытып, салықтық жеңілдіктер беретіндіктен жоба артықшылыққа ие болады. Құрылыстың болжамды күрделі бюджеті – шамамен \$8 млрд.

KAZ Minerals PLC компаниясының акциялары Лондон және Қазақстан қор биржаларында айналымда. KAZ Minerals-та шамамен 16 000 адам жұмыс істейді, олардың басым бөлігі Қазақстан азаматтары.